



**ШЕШІМ**

**11.12.2024**

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

**№ 246/32-VIII**

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының  
заңдылық, құқық тәртібі және  
жұртшылықпен жұмыс мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының  
есебі туралы**

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін тыңдап, талқылағаннан кейін Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) есебі назарға алынсын.


2. Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Тұрақты комиссияға:

жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарымен құқық қолдану практикасын жақсартуға, анықталған проблемаларға жедел ден қоюды қамтамасыз етуге, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған өзара іс-қимыл мен бақылауды күшейту;

заңдылықты, құқық тәртіпті және жұртшылықпен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастыру;

Тұрақты комиссияның тиімділігін одан әрі арттыру үшін оның ресурстары мен өкілеттіктерін күшейту мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы



Е. Каналимов